

**«ҚАЗЫНА КАПИТАЛ МЕНЕДЖМЕНТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНДА
СЫРТҚЫ АУДИТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫ**

Нұр-Сұлтан қ., 2021

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамында сыртқы аудитті ұйымдастыру саясатын реттеу

1. «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамында аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы сыртқы аудитті ұйымдастырудың осы саясаты (бұдан әрі — Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының (бұдан әрі — Қоғам) ішкі нормативтік құжаттарына, сондай-ақ халықаралық аудит стандарттарына сәйкес әзірленді.

2. Саясаттың мақсаты аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту бойынша тиімді қызметті ұйымдастыру, аудит жүргізуге бірыңғай талаптарды белгілеу, аудиторлардың тәуелсіздік қағидатын сақтауын және мүдделер қақтығысының болмауын қамтамасыз ету болып табылады. Аудиторлық ұйым кәсіби аудиторлық қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін халықаралық аудит стандарттарына сәйкес орындайды.

3. Қоғам тобына кіретін ұйымдар осы Саясаттың ережелерін ескере отырып, аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы өз саясатын дербес әзірлейді.

2-бап. Терминдер мен анықтамалар

4. Осы Саясатта пайдаланылатын анықтамалар мен қысқартулар:

Аудит-Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатында тексеру;

Аудиторлық ұйым — аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған, кәсіби ұйымның мүшесі болып табылатын коммерциялық ұйым;

Аудиторлық қызмет — қаржылық есептіліктің және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпараттың аудитін жүргізу және қызмет бейіні бойынша қызметтер ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

Аудиторлық есеп — жүргізілген аудиттің нәтижесі болып табылатын жазбаша ресми құжат;

Салықтар бойынша аудит — уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жүргізілетін, салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлері бойынша есептеу мен төлеудің дұрыстығы, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалу мен аударудың толықтығы мен уақтылылығы, әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеудің толықтығы мен уақтылылығы мәселелері жөніндегі аудит;

Сыртқы аудит — негізінен бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің дұрыстығын объективті бағалау, сондай-ақ әкімшілікке консультациялық қызметтер көрсету мақсатында экономикалық субъектімен шарт жасасу негізінде көрсетілетін тәуелсіз аудиторлық ұйымның аудиторлық қызметтері;

Заң — Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы;

Этика кодексі — аудиторлардың кәсіби қызметінің этикалық ережелерінің жиынтығы;

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет — Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін тиімді бақылау жүйесін (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен анықтығына) белгілеу, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігіне, сондай-ақ, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына мониторинг жүргізу, сыртқы және ішкі аудиттің және Комплаенс қызметінің тәуелсіздігін, Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі құжаттардың сақталуын бақылау бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау арқылы Қоғамның Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында құрылған Қоғамның Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы. Сондай-ақ, Қоғамның Директорлар кеңесіне қызметтің басым (даму) бағыттарын әзірлеу және Қоғамдағы тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесінің қызмет етуі, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және нығайту мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау;

Мүдделер қақтығысы — шарттық қатынастарды реттеу аясында Қоғамның лауазымды тұлғаларының және/немесе қызметкерлерінің жеке мүддесі мен аудиторлық ұйымның арасында қайшылық туындап, Қоғамның қаржылық есептілігінің сенімділігіне әсер етуі мүмкін жағдай;

Жауапты бөлімшелер — аудитті, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің арнайы мақсаттағы аудитін, салықтар бойынша аудитті жүргізуге жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшелері;

Жоба бойынша әріптес — аудит және салықтар бойынша аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйым тартқан тұлға;

Басшылыққа хат — аудиторлық ұйымның Қоғам басшылығына қаржылық есептіліктегі қателерге әкеп соғуы мүмкін есепке алу жазбаларындағы, есепке алу және ішкі бақылау жүйелеріндегі кемшіліктер туралы ақпаратпен және анықталған кемшіліктерді түзету жөніндегі тиісті ұсыныстармен жазбаша өтініші;

Директорлар кеңесі — Қоғамның Директорлар кеңесі;

ІАҚ — Қоғамның Ішкі аудит қызметі;

Қаржылық есептілік — Қоғамның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат;

5. Саясатта пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

3-бап. «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамында сыртқы аудитті ұйымдастыру саясатын қолдану саласы

6. Осы Саясат Қоғамның шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудит жүзеге асыратын Аудиторлық ұйымның аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді ұсынуы кезінде, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар үшін салықтар бойынша аудит үшін ғана қолданылады.

4-бап. Сыртқы аудитті ұйымдастырудың негізгі талаптары мен тәртібі

7. Әлеуетті аудиторлық ұйымға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына және осы Саясатқа сәйкес белгіленеді.

8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды регламенттейтін Қоғамның ішкі құжатында көзделген тәртіппен Қоғам аудитін ұйымдастыру мақсатында мынадай рәсімдер жүзеге асырылады:

- 1) аудиторлық ұйым қызметтерін сатып алу рәсімдерін жүргізу;
- 2) аудиторлық ұйымды және оның аудиторлық қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 3) аудиторлық ұйыммен қызмет көрсету шартын жасасу;

9. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік департаменті және оған жетекшілік ететін басшы сыртқы аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне жәрдем көрсетеді.

10. Аудиторлық ұйымның қызметтерін сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде тендерлік комиссияның құрамына ІАҚ басшысы айқындаған ІАҚ өкілі енгізілуі мүмкін. Бұл ретте, Жауапты бөлімшенің басшысы аудиторлық ұйымның қызметтерін сатып алу рәсімдерін өткізу шарттары, тәртібі, мерзімдері туралы ІАҚ-ны уақтылы хабардар етуге жауапты болады.

11. Қоғам аудиттің уақтылы және толық жүргізілуіне аудиторлық ұйымға қажетті жәрдемді қамтамасыз етеді, ол үшін тиісті жағдайлар жасайды, қажетті ақпарат пен құжаттаманы береді, аудиторлық ұйымның сұрау салулары бойынша түсіндірмелер мен растамалар ұсынады, сондай-ақ үшінші тұлғалардан аудиторлық қызметтер көрсету үшін қажетті мәліметтерді сұратады.

12. Жұмыстың тиісінше қамтылуын қамтамасыз ету және қайталануын азайту мақсатында аудиторлық ұйым мен ІАҚ өз қызметінің жоспарлары мен нәтижелері туралы ақпарат алмасуы мүмкін.

13. Қоғам аудитінің қорытындылары бойынша аудиторлық ұйым ІАҚ-ға қаржылық есеп даналарын (электрондық файлдарын), Қоғам басшылығына хаттарды және олар бойынша презентацияларды жібереді. Аудиторлық ұйымның ұсынымдарын орындау мониторингіне ІАҚ жауапты болады.

14. Белгілі бір есепті кезеңде көрсетілген аудиторлық қызметтердің қорытындылары бойынша аудиторлық ұйым және ІАҚ (қажет болған жағдайда) Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне өздерінің өзара іс-қимылының нәтижелері туралы хабарлайды.

2-тарау. Аудиторлық ұйымның аудиторлық емес қызметтер көрсету ерекшеліктері

5-бап. Аудиторлық ұйымның аудиторлық емес қызметтер көрсетуі кезіндегі мүдделер қақтығысы

15. Аудиторлық ұйымның, егер мұндай қызметтер аудиторлық ұйымның тәуелсіздігін бұзбаса және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерге қайшы келмесе, Қоғамға аудиторлық қызметтер және аудиторлық қызметке байланысты өзге де қызметтер көрсетуге құқылы.

16. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері мүдделер қақтығысына жол бермеу мақсатында, ықтимал мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін кез келген әрекеттер мен өзара қатынастардан аулақ болуға міндетті.

17. Қоғамның аудиторлық ұйымнан алатын қызметтері объективтілік және құпиялылық қағидаттарын бұзбауы тиіс.

6-бап. Аудиторлық емес қызметтерді жіктеу

18. Аудиторлық ұйымның әлеуетті қызметтерінің әрқайсысы мынадай санаттардың біріне жіктелуі мүмкін:

А санаты: аудиторлық ұйым Заңға сәйкес және Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінде көзделген шарттарды сақтай отырып ұсына алатын аудиторлық емес қызметтер, мысалы:

1) аудит стандарттарына сәйкес өз қызметінің бейіні бойынша ілеспе қызметтер;

2) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша заңнаманы қолдану және салықтық есепке алуды жүргізу мәселелері бойынша консультация беру;

3) бастапқы статистикалық деректерді қалыптастыру;

4) қаржы-шаруашылық қызметті талдау және қаржылық жоспарлау, экономикалық, қаржылық және басқарушылық консультация беру;

5) бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік жасау, салық салу, аудит және қаржы-шаруашылық қызметті талдау және қаржылық жоспарлау бойынша оқыту;

6) бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды автоматтандыру жөніндегі ұсынымдар, бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды автоматтандыруға оқыту;

7) бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік жасау, аудит, қаржы-шаруашылық қызметті талдау және қаржылық жоспарлау жөнінде, аудит стандарттарына сәйкес өз қызметінің бейіні бойынша ілеспе қызметтер көрсету жөнінде әдістемелік құралдар мен ұсынымдар әзірлеу;

8) аудиторлық қызметпен байланысты заң қызметтері.

Б санаты: аудиторлық ұйымның ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікті жоғалтуға әкелетін және бухгалтерлік және салықтық есепті қалпына келтіру және жүргізу, қаржылық есептілікті жасау сияқты Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексіне сәйкес тыйым салынған қызметтер болып саналатын аудиторлық емес қызметтер.

19. А санаты бойынша қызметтерді Заңға сәйкес міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйым ұсына алады.

20. Б санаты бойынша қызмет көрсету үшін Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүзеге асыратын ұйымды тартуға жол берілмейді.

21. Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет қажеттілігіне қарай, аудиторлық емес қызметтерді жіктеудің дұрыстығы туралы мәселені қарайды.

7-бап. Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетке аудиторлық ұйым туралы ақпарат беру

22. Жыл сайын Басқарма Төрағасының Қоғамның бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің қарауына 12 айға тең алдыңғы кезеңде көрсетілген аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер бойынша ақпаратты қамтитын есеп жолдайды, оның ішінде:

- 1) аудиторлық ұйым көрсеткен аудиторлық қызметтердің көлемі;
- 2) аудиторлық ұйым көрсеткен аудиторлық емес қызметтердің көлемі (қызметтердің әртүрлі санаттары бойынша бөлінген);
- 3) Қоғамның аудиторлық ұйымдарға осындай қызметтер көрсеткені үшін төлеген сыйақысы (әрбір жеке қызмет үшін және жиынтығында);

8-бап. Сыртқы аудит жүргізу кезінде жоба бойынша әріптесті ауыстыру

23. Халықаралық практикаға сәйкес аудиторлық ұйым жоба бойынша әріптесті (аудит үшін негізгі жауапкершілікті мойнына алатын) әрбір бес жыл сайын ауыстыру қағидатын ұстануға тиіс.

24. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Қоғамның тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды регламенттейтін ішкі құжатында көзделген тәртіппен өткен жылы сыртқы аудитті жүзеге асырған аудиторлық ұйым таңдалса, мұндай аудиторлық ұйым жоба бойынша әріптесті ауыстырып, оны Қоғамның аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне қарауға ұсынады.

25. Алдыңғыдан өзгеше, басқа аудиторлық ұйым таңдалған жағдайда жоба бойынша әріптесті ауыстыру талап етілмейді.

9-бап. Аудиторлық ұйым қызметкерлерін Қоғамға жұмысқа қабылдау

26. Егер Қоғамның міндетті аудитіне аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде қатысатын немесе Қоғамда тағайындалған (сайланған) күннің алдындағы екі жыл ішінде Қоғамның міндетті аудитіне аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде қатысқан тұлғаны Қоғамның Басқарма мүшесі, басқарушы директоры немесе бас бухгалтері лауазымына тағайындау (сайлау) ұйғарылған жағдайда, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында, ұйғарылған кандидатты тағайындау (сайлау) туралы мәселені одан әрі қарау үшін Қоғамның аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің алдын ала мақұлдауын алу қажет.

3-тарау. Қорытынды ережелер

27. Осы Саясат онда баяндалған талаптардың өзектілігіне мезгіл-мезгіл бағаланып отыруы тиіс. Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет қажеттілігіне қарай, осы мақсаттар үшін ІАҚ-ны тарту мүмкіндігімен Саясат талаптарын сақтау мәселелерін қарайды.

28. Осы Саясаттың жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылуға тиіс.